

2015 жылға арналған Целиноград ауданының ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Целиноград аудандық мәслихатының 2014 жылғы 25 желтоқсандағы № 265/39-5 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 22 қаңтарда № 4606 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Целиноград аудандық мәслихатының 2015 жылғы 18 қыркүйектегі № 326/46-5 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Целиноград аудандық мәслихатының 18.09.2015 № 326/46-5 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына, «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының 18 бабының 8 тармағына, « Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшерін және ережесін бекіту туралы» 2009 жылғы 18 ақпандағы № 183 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысының 2-тармағына сәйкес Целиноград аудандық м ә с л и х а т ы

Ш Е Ш І М

Е Т Т І :

1. 2015 жылға арналған Целиноград ауданының ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарына келесі әлеуметтік қолдау шаралары:

- 1) жетпіс еселік айлық есептік көрсеткішке тең сомада көтерме жәрдемақы;
- 2) тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін, бір мың бес жүз еселік айлық есептік көрсеткіш мөлшерінен аспайтын сомада бюджеттік кредит ұсынылсын.

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік

тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

	<i>Целиноград аудандық мәслихаты</i>	<i>сессиясының</i>
<i>төрағасы</i>	<i>Д.Өміржанов</i>	
<i>мәслихатының хатшысы</i>	<i>Целиноград аудандық</i>	<i>Р.Түлкібаев</i>
<i>«КЕЛІСІЛДІ»</i>		
<i>Целиноград ауданының әкімі</i>	<i>М.Тәткеев</i>	
	<i>«Целиноград ауданының экономика және қаржы бөлімі»</i>	<i>мемлекеттік</i>
<i>мекемесі басшысы</i>	<i>Ә.Ыбраева</i>	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК